

## 2010 жылды тұрғындарды жұмыспен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы

### ***Күшін жойған***

Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 27 қантардағы N 6/1 қаулысы. Павлодар облысы Лебяжі ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 9 ақпанда N 12-9-103 тіркелген. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Лебяжі ауданы әкімінің аппараты басшысының 2014 жылғы 06 наурыздағы N 31/1-36/89 хатымен)

**Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Лебяжі ауданы әкімінің аппараты басшысының 06.03.2014 N 31/1-36/89 хатымен).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 13- тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабы, тұрғындардың әлеуметтік-қорғаусыз санатындағы жұмыссыздарды жұмыспен қамтуға көмек көрсету және әлеуметтік қорғау мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тұрғындардың мақсатты топ құрамына кіретін тұлғалардың тізбесі т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

50 жастан жоғары тұлғалар;

Дәрігерлік-Кеңестік Комиссияның анықтамасы бойынша еңбекке шектеулері б а р т ұлғалар;

бір де бір жұмыскері жоқ аз қамтылған отбасылардың жұмыссыздары.

2. Әлеуметтік жұмыс орнын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі тұрғындардың мақсатты тобынан жұмыссыздар үшін 80 әлеуметтік жұмыс орынын құру жөнінде мекемелер және ұйымдармен қосымшаға сәйкес жұмыс ұйымдастырысЫН.

4. Ауданың қаржы бөлімі бекітілген қаржы шегінде аудандық бюджеттен әлеуметтік жұмыс орындарын уақытылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

5. Бұл қаулы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л с і н .

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. Θ. Сағандықовқа жүктелсін.

Аудан әкімі  
Лебяжі ауданы  
27 қантардағы N 6/1 жылғы  
қосымша

C. Эпсалықов  
әкімдігінің 2010  
қауалысына

**Мақсатты топтың жұмыссыздарын жұмысқа орналастыру  
үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды  
ұсынушы жұмыс берушілердің іріктеу тәртібі**

1. Жұмыс беруші әлеуметтік жұмыс орнының ұйымына тапсырыс береді.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынушы жұмыс берушілерді іріктеу барысында Уәкілетті орган келесі талаптарды есепке алады: кәсіпорындардың төлемге қабілеттілігі, еңбекақының уақытында төленуі, жұмыс орнының техникалық қауіпсіздік нормаларына сәйкестігі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің кәсіпорын қалыптарын сақтауы, Уәкілетті органдардың келісілген шарт мерзімінің өтуі бойынша жұмыссызға тұрақты жұмыс ұсыну мүмкіндігі.

3. Жұмыс беруші Уәкілетті органмен әлеуметтік жұмыс орнын ұйымдастыруға шарт жасайды. Шартта екі жақтың міндеттері, жұмыс түрлері, көлемдері, еңбек төлемінің мөлшерлері мен жағдайы, әлеуметтік жұмыс орындарының қаржыландырылу көздері, бағытталған жұмыссыздар саны көрсетіледі. Жұмыс уақытша және оны ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен бос орын қолданылуы мүмкін емес.

4. Уәкілетті орган тұрғындардың мақсатты тобының жұмыссыздарын әлеуметтік жұмыс орындарына орналастыру үшін бағыт береді (жолдама).

5. Жұмыс беруші бағытталған жұмыссызыды әлеуметтік жұмыс орнына қабылдайды, онымен еңбек шартына отырады, техникалық қауіпсіздік нормаларға сәйкес жұмыс орнын ұсынады. Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына орналастыру мерзімі алты айға дейін рұқсат етіледі.

6. Жұмыс берушілер аудан бюджетінің қаражатынан еңбек төлеу жөніндегі шығынды қайтару үшін ағымдағы жылғы әр айдың 20-на дейін Уәкілетті органға белгіленген тәртіpte: жұмысқа қабылданғаны туралы бұйрықтың көшірімі, жұмыс уақытын есептейтін табельді, жұмысшылдардың әлеуметтік жұмыс орнына қабылдануы туралы есеп және орындалған жұмыс актісін ұсынады.

7. Мақсатты топтың жұмыссыздардың жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынушы жұмыс берушінің осы іріктеу тәртібін орындауды бақылау Уәкілетті органға жүктеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК